«Әрбір азаматтың жемқорлыққа қарсы күресі жанжақты үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойылған мақсаттарға қол жеткізе аламыз…» деген сөзді басшылыққа ала отырып, сыбайлас жемқорлықтан аулақ болуға, адал еңбек етуге, жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды дарытып, сыбайлас жемқорлықпен күреске үлес қосуға шақырамыз. «Жемқорлықсыз ел – гүлденген ел» болашағымыз, еліміз гүлдене берсін!



9	adyrna.kz	09.08.2021	Жемқорлыққа жол жоқ!	https://adyrna.kz/post/80714	2563	97394



Жемқорлыққа жол жоқ!

Сыбайлас жемқорлық – адамзаттың дамуынан бері келе жатқан ең көне категориялардың бірі. Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жойған ешқандай мемлекет, қоғам, дін және идеология жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес биліктің мемлекеттік институттарының тұрақты серігі болып табылады. Бүкіл әлем осы зұлымдықпен күресуде.

Жамбыл аудандық қазынашылық басқармасы да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың орындалуы жөнінде мынадай жұмыстар жүргізуде:

Басқарма қызметкерлеріне аппараттық жиналыстарда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» заңдарының талаптарын жұмыс барысында сақтауға және орындауға қатаң ескерту жасалды. Әдеп кодексі нормаларының қызмет барысында бұзылмауын, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықты болдырмау стандарттарының қатаң түрде сақталуына, сыйлық алуға тыйым салынатыны және мұндай мәселе туындаған жағдайда уәкілетті органға тапсыру тиістігі үнемі ескертіліп отырады.

Басқармада «сенім телефоны» (2-25-97) орнатылған және қоңырау шалған адамдар тіркеу журналына жазылады. Қазіргі таңға дейін «сенім телефоны» арқылы қызметкерлерге заңға қайшы әрекеттері үшін шағым тіркелмеген.

Сонымен қатар, басқармада жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен хаттарға арналған пошта жәшігі орнатылған.

Осы орайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жұмысын күшейту мақсатында 2021 жылғы 5 қаңтардағы № 2-н бұйрықпен бекітілген Алматы облысы бойынша қазынашылық департаментінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген.

Сондай-ақ, басқармада техникалық сабақтар өткізу жоспарға сәйкес басқарманың мемлекеттік қызметшілері арасында бекітілген іс-шара тақырыбында құқықтық оқулар тұрақты өткізіліп тұрады.

Басқарма қызметшілері жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде, қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және

қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуі туралы аппараттық жиындарда қаралып, қатаң түрде ескертіліп отырады. Құқықтық-моральдық нормаларға сәйкес және жалпылама антиорта қылығына сонымен қатар, қызметтен тыс уақытта басқарма қызметкерлеріне әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде оның ішінде «Мой мир», «Одноклассники», «ВКонтакте», «Instagram» мемлекеттік қызметкерлеріне сын болып табылатын фотосуреттер мен бейнежазбалар орналастыруға тыйым салынатыны жөнінде және қадағалау жүргізілетіні хабарланды.

Басқарма ғимаратында баршаға көріне-тіндей жерде «Әдеп кодексінің» мәтіні ілінген.



10	adyrna.kz	09.08.2021	Масылдық мемлекеттің дамуына, өркендеуіне кері әсерін тигізеді	https://adyrna.kz/post/80717	2739	104 082



Масылдық мемлекеттің дамуына, өркендеуіне кері әсерін тигізеді

Әр адамның өзіндік тағдыры болады. Қазақта «Пешенеге жазылғаннан ешқайда қаша алмайсың» деген түсінік бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз мұқтаждық пен масылдықтың ара жігін ажырата білуіміз керек. Тек Үкімет тарапынан бөлінетін жәрдемақыға қарап өмір сүруге болмайтынын әр азамат түсінгені жөн» деген болатын.

Алайда, мұқтаждық туралы сөз қозғағанда «масылдықтан арылу керек» дегеніміз басымдау болып тұрғаны ойландырады. Қоғамда масылдықтың белең алуына жалқаулықтың әсер ететінін болжау оңай. Себебі, жатыпішерлердің саны артып барады. Екінші себеп, жұмыссыздардың көбеюі. «Екі қолға бір күрек табылады» десек те, қазір жұмысқа орналасудың оңай соқпайтыны рас. Тіпті, дипломы бар адамдардың өзі бірден жұмысқа тұра алмайды. Бұл тұста сыбайлас жемқорлықтың да өзіндік ықпалы тиіп жатқанын айту керек. Таныс-тамыр, пара беру арқылы көздеген орынға орналасу қазір қалыпты жағдайға айналған. Мұны қоғамның дерті демеске не шара.

Масылдық мемлекеттің дамуына, өркендеуіне кері әсерін тигізеді. Көңілі құрғыр қазақ қоғамында масылдық белең алды дегенге сенгісі келмейді, әрине. Статистикаға қарасақ, 8 млн. 800 мыңнан астам адам жұмыс істейтінін көрсетеді. Олардың ішінде тұрақты жұмысы барлардың саны 6 млн. 700 мыңнан асқан. Бұл бір жағынан отандастарымыздың еңбектен қашпайтынына дәлел. Әдетте, кейінгі уақытта жиі айтылатын «Барлық салмақты әйелдер көтеріп жүр» деген сөзді еркектер қауымы жоққа шығарып, өздерінің қандай жұмыстан болсын жалтармайтынын байқатып отырған көрінеді. Егер ол отағасы ретіндегі жауапкершілікті сезінбесе, жанаяр болса, онда ауыр жұмысқа бармайтын еді ғой деген пікірмен де келісуге болар.

Жалпы, кез келген саналы азамат масылдыққа салынбайтыны белгілі. «Бес саусақ бірдей емес» дегенге сенсек, адамның да ала-құласы барына көз жеткізу қиын емес. Мұндай адамдарды екі топқа жатқызуға болады. Біреулері, шын мәнінде еңбекке жарамсыз, енді бірі мүлде жұмыс істегісі келмейтіндер. Қалай десек те, халық шама шарқы келгенше жұмыс істеуде. Тек тапқан табысының былай тартса, былай жетпей жатқаны бұлтартпас шындық.

Қазақта ашы да болса нанымды айтылған «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген сөз бар. Жасыратыны жоқ, әуелден-ақ алды-артымызды бажайлай

бермейтін мінезіміздің талай рет таяқ болып тигені есімізде. Оның бір ұшы ысырапшылдық пен масылдыққа келіп тіреледі. Әлбетте, масыл адамның ертеңгі өмірден күдер үзген адамнан еш айырмасы жоқ дер едік.

Жалпы, халықтың қазіргі табысы көңілден шығатындай деңгейде емес екенін ескерсек, қоғамда масылдықтан бұрын мұқтаждық басым екеніне көз жеткіземіз. Біреуге жалтақтап, кеңсе есігін тоздыруға ешкімнің де құмар еместігі белгілі. Ал, біз, кейде ел ішінде мұқтаждық бар екенін ескермей, жаппай масылдық жайлап алғандай сезімде болатынымыз қызық.



Масылдық мемлекеттің дамуына, өркендеуіне кері әсерін тигізеді

Әр адамның өзіндік тағдыры болады. Қазақта «Пешенеге жазылғаннан ешқайда қаша алмайсың» деген түсінік бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Біз мұқтаждық пен масылдықтың ара жігін ажырата білуіміз керек. Тек Үкімет тарапынан бөлінетін жәрдемақыға қарап өмір сүруге болмайтынын әр азамат түсінгені жөн» деген болатын.

Алайда, мұқтаждық туралы сөз қозғағанда «масылдықтан арылу керек» дегеніміз басымдау болып тұрғаны ойландырады. Қоғамда масылдықтың белең алуына жалқаулықтың әсер ететінін болжау оңай. Себебі, жатыпішерлердің саны артып барады. Екінші себеп, жұмыссыздардың көбеюі. «Екі қолға бір күрек табылады» десек те, қазір жұмысқа орналасудың оңай соқпайтыны рас. Тіпті, дипломы бар адамдардың өзі бірден жұмысқа тұра алмайды. Бұл тұста сыбайлас жемқорлықтың да өзіндік ықпалы тиіп жатқанын айту керек. Таныс-тамыр, пара беру арқылы көздеген орынға орналасу қазір қалыпты жағдайға айналған. Мұны қоғамның дерті демеске не шара.

Масылдық мемлекеттің дамуына, өркендеуіне кері әсерін тигізеді. Көңілі құрғыр қазақ қоғамында масылдық белең алды дегенге сенгісі келмейді, әрине. Статистикаға қарасақ, 8 млн. 800 мыңнан астам адам жұмыс істейтінін көрсетеді. Олардың ішінде тұрақты жұмысы барлардың саны 6 млн. 700 мыңнан асқан. Бұл бір жағынан отандастарымыздың еңбектен қашпайтынына дәлел. Әдетте, кейінгі уақытта жиі айтылатын «Барлық салмақты әйелдер көтеріп жүр» деген сөзді еркектер қауымы жоққа шығарып, өздерінің қандай жұмыстан болсын жалтармайтынын байқатып отырған көрінеді. Егер ол отағасы ретіндегі жауапкершілікті сезінбесе, жанаяр болса, онда ауыр жұмысқа бармайтын еді ғой деген пікірмен де келісуге болар.

Статистика

Статистика:

Страниц	1
Слов	365
Знаков (без пробелов)	2 380
Знаков (с пробелами)	2 739
Абзацев	6
Строк	38

Учитывать надписи и сноски

Закрыть

11	adyrna.kz	11.08.2021	Ел болам десең, бесігіңді түзе	https://adyrna.kz/post/80969	2117	80446



БАСТЫ БЕТ / АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ / ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ, БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ

Ел болам десең, бесігіңді түзе

11.08.2021 59

РЕДАКЦИЯ ТАҢДАУЫ

Махамбет Досмухамбетов Олимпиада жеңімпаздарын марапаттады

COVID-19: Атырауда өкпесінің 90 пайызы қабынған тұрғын ауруханадан емделіп шықты

Атырауда алдағы жылдары 10 ірі инвестициялық жоба іске аспақ

Ел болам десең, бесігінді түзе

Отбасы-ынтымақтың, ізгіліктің, махаббаттың, жылулықтың, тазалықтың Отаны. Отбасының негізгі ұйытқысы, алтын діңгегі– әке мен ана. Діңгегі мықты отбасы ғана адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі болмақ. Бұл мектептің адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. **«Ел болам десең, бесігінді түзе»** – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын нақтылап тұрғандай. Ата-ананың балаға деген риясыз махаббатының өзі неге тұрады десеңізші?! Алайда, осы шексіз берілген «махаббаттың» өзі баласын тура жолдан тайдырып, жарға жығып жатқандығы өмірден көрініс табуда. Ол туралы көріп те жүрміз, естіп те жүрміз. Есірткіге еліріп, өмірін өксікпен өткізген жандардың өмірі өкшелей басып келе жатқан жасөспірім балаларға сабақ болары сөзсіз.

Қоғамды жасайтын адам деп алсақ, адам қандай болмақ керек? Денсаулығы мықты, әлеуеті жоғары адам ғана өзіне жайлы қоғамды жасайды. Олардың мұраты –тәні мен жаны сау адамдардың ынтымағына негізделген қоғамда өмір сүру. Салауатты өмір сүру дегеніміз не дейтін болсақ, ол–әлеуметтік өмірді жақсарту, бос уақытты тиімді пайдалану, денсаулықты сақтау және нығайту. Ал зиянды әрекеттер дегеніміз, қазіргі таңда етек алған, заманымыздың кеселді дерттері – шылым шегу, маскүнемдік, нашақорлық. Алайда, ата-бабаның мұратын жүзеге асыратын кейбір жастар нашақордың соңынан еріп барады. Ол– айқын жол емес, тұманды жол. «Адасқанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқан соң»–деп, дана халқымыз айтқандай, өз қатесін түзетіп, ортамызға оралса, олардың кеудесінен ешкім итермесі анық.

Әр отбасының өзіндік әдет-ғұрпы, салт-санасы бар. Рухани құндылығы бай отбасынан қоғамға қажет тұлғалар қалыптасады. «Мен қарнымның ашқанынан қорықпаймын, қадірімнің қашқанынан қорқамын» деген сөздің төркінін түсіндірмесемде болады. Отбасымызда қадірімізді қашырмай, өз орнымызды білсек, біз тәрбиелеген балалар келешектің тұтқасы болары анық. Бізді ақшамызбен, не болмаса дәулетімізбен бағаламайды, бізді өсірген баламыздың тәрбиесімен бағалайды. Сондықтан баламыздың тағдырын сол жақтағы жүрегімізбен ойлайық, ол әр кез оң шешімін береді.



12	adyrna.kz	13.08.2021	Өрттің пайда болу факторының бірі – темекі	https://adyrna.kz/post/81241	1387	52706



Өрттің пайда болу факторының бірі - темекі

Тұрғын үй қорында өрттің пайда болуына әкеп соғатын факторлардың бірі - темекі шегу мен маскүнемдік. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өртте қаза тапқандардың 70%-ы ішімдікті шамадан тыс пайдаланған және жиі төсекте темекі шеккен адамдар екен.15 минуттан кейін төсекке құлап түсетін темекі шоғы өртке айналады. Бұл жағдайда адам 3 минуттан кейін улы газдың өлім дозасын алады. Сонымен қатар, бұл өрттердің көбісі түнде болады. Көбінесе, көршілер өрт ошағын анықтағанша, үй толықтай өртеніп кетеді. Өртке қарсы қызметке хабарлама өте кеш хабарланады, ал үйдегі адам ол уақытта көз жұмуы мүмкін. Жиі ішімдік ішіп жүрген адамдар өз өмірлеріне ғана емес, басқа адамдарға - туыстары мен көршілеріне де қауіп төндіреді.Құрметті азаматтар! Тұрмыста пайда болатын төтенше жағдайлардың көбісі адамзат факторына байланысты. Тұрғын үй аумақтарында темекі шегудің өрт қауіпсіздігі ережелері реттелмеген, алайда құтқарушы өрт сөндірушілердің қайғылы тәжірибесіне сүйене отырып, біз негізгі талаптарды тұжырымдай аламыз: темекі күлін арнайы ыдысқа жинау, арнайы ыдысқа жанбайтын заттан жасалу керек;•Төсекте немесе диванда темекі шегуге тиым салынады. Шаршаған немесе ішімдікті шамадан тыс пайдаланған адам әрдайым өз іс-әрекетіне бақылау жасай алмайды;•Шылым шегу көшеде немесе арнайы тағайындалған бөлмеде болуы керек, онда темекі еденге түсіп кетсе, едендер жанбайтын материалдан жасалынған жөн.



Статистика

Статистика:

Страниц	1
Слов	184
Знаков (без пробелов)	1 206
Знаков (с пробелами)	1 387
Абзацев	1
Строк	18

☑ Учитывать надписи и сноски

Закрыть

Өрттің пайда болу факторының бірі - темекі

Тұрғын үй қорында өрттің пайда болуына әкеп соғатын факторлардың бірі - темекі шегу мен маскүнемдік. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, өртте қаза тапқандардың 70%-ы ішімдікті шамадан тыс пайдаланған және жиі төсекте темекі шеккен адамдар екен.15 минуттан кейін төсекке құлап түсетін темекі шоғы өртке айналады. Бұл жағдайда адам 3 минуттан кейін улы газдың өлім дозасын алады. Сонымен қатар, бұл өрттердің көбісі түнде болады. Көбінесе, көршілер өрт ошағын анықтағанша, үй толықтай өртеніп кетеді. Өртке қарсы қызметке хабарлама өте кеш хабарланады, ал үйдегі адам ол уақытта көз жұмуы мүмкін. Жиі ішімдік ішіп жүрген адамдар өз өмірлеріне ғана емес, басқа адамдарға - туыстары мен көршілеріне де қауіп төндіреді.Құрметті азаматтар! Тұрмыста пайда болатын төтенше жағдайлардың көбісі адамзат факторына байланысты. Тұрғын үй аумақтарында темекі шегудің өрт қауіпсіздігі ережелері реттелмеген, алайда құтқарушы өрт сөндірушілердің қайғылы тәжірибесіне сүйене отырып, біз негізгі талаптарды тұжырымдай аламыз: темекі күлін арнайы ыдысқа жинау, арнайы ыдысқа жанбайтын заттан жасалу керек:•Төсекте немесе диванда темекі шегуге тиым салынады. Шаршаған немесе ішімдікті шамадан тыс пайдаланған адам әрдайым өз іс-әрекетіне бақылау жасай алмайды:•Шылым шегу көшеде немесе арнайы тағайындалған бөлмеде болуы керек, онда темекі еденге түсіп кетсе, еденде жанбайтын материалдан жасалынған жөн.

Windows
Чтобы активировать Windows раздел "Параметры".

13	adyrna.kz	13.08.2021	Сыбайлас жемқорлыққа қауқарлы күрес қажет	https://adyrna.kz/post/81244	2681	101 878



Сыбайлас жемқорлыққа қауқарлы күрес қажет

Сыбайлас жемқорлық - ешбір ел сақтана алмайтын нағыз жаһандық проблемаға айналды. Сыбайлас жемқорлық мәселесі адамдарға, қоғамдастықтарға және бүкіл елдерге жағымсыз әсер етеді; демократиялық процестерге нұқсан келтіреді, әділетсіздікті күшейтеді және кедейлікті арттырады; негізгі мемлекеттік қызметтерді көрсетудің тиімділігін төмендетеді, бизнес жүргізу құнын арттырады және дамуға бағытталған инвестицияларды азайтады.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық тұрақты дамудың барлық үш өлшеміне теріс әсерін тигізуде: экономикалық, әлеуметтік және экологиялық тұрғыда. Барлық елдерге әсерін тигізген COVID-19 пандемиясының басталуымен сыбайлас жемқорлықтың жағымсыз салдары айқындала бастады. COVID-19 бүкіл әлем бойынша денсаулық сақтау жүйесіндегі және мемлекеттік қызметтерді көрсетудегі осалдықтарды, мемлекеттік қаражатты мақсатсыз пайдалану, осал келісімшарттық процедуралар мен алақол басқарудың сансыз оқиғаларын анықтап берді.Қазақстан сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу сұрақтарына үлкен назар аудара отырып, оған қарсы іс-қимылды әрі қарай жалғастыруда. 2008 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясын ратификациялауы осы процестің маңызды кезеңі болды. 2019 жылы GRECO-ға кіру арқылы Қазақстан мемлекеттік және жеке секторлардағы адалдықты нығайтуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресуге өзінің міндеттемелерін растады. 2019 жылы Қазақстан сыбайлас жемқорлықты қабылдаудың әлемдік индексіндегі рейтингін 124-орыннан (2018 ж.) жоғарылатып, 198 елдің ішінде 113-орынға көтерілді.Пандемия басталысымен Қазақстан үкіметі, кәсіпкерлік сектор және азаматтық қоғам, жеке қарым-қатынасты барынша азайту шараларын қабылдап, қашықтан жұмыс атқару форматына көшті. Орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қоғамдық бақылау топтарымен бірге дәрі-дәрмектерді, азық-түлік пен қажетті тауарларды тиімді таратуды, сондай-ақ халықтың осал топтарының құқықтарын қорғауды қамтамасыз етуге үлкен күш жұмсады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бүкіл әлем бойынша БҰҰ ДБ жұмысының өсіп келе жатқан бағыты болып табылады. Заңнаманы өзгерту, есеп беру жүйесін жетілдіру және жаңа технологияларды пайдалану арқылы БҰҰ ДБ-ның жаһандық бастамалары сыбайлас жемқорлықсыз орта құруға көмектеседі. Қазақстандағы БҰҰ ДБ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ұзақ мерзімді серіктесі бола отырып, елдегі сыбайлас жемқорлықтан ада институттарды құруға бағытталған бірқатар маңызды бастамаларды, оның ішінде мемлекеттік қызметке этикалық институттарды енгізу, мемлекеттік және жеке секторларда адалдық қағидаттарын әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеуді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуді қолдады.



14	adyrna.kz	13.08.2021	Борьба со скотокрадами	https://adyrna.kz/post/81248	1022	38 836



Борьба со скотокрадами

С 9 по 11 августа на территории города Текели стартовало оперативно- профилактическое мероприятие " СКОТОКРАДСТВО", нацеленное на выявление лиц, причастных к совершению краж скота, их задержанию и привлечению к уголовной ответственности.В проведении мероприятия задействованы сотрудники криминальной и административной полиции, местной полицейской службы и представители управления сельского хозяйства, созданы мобильные группы.Полицейскими в этот период будут проверены места забоя скота и точки сбыта мясной продукции с соответствующей документацией. Кроме того, в рамках ОПМ стражами правопорядка области проводятся беседы с населением по профилактике скотокрадства.

В свою очередь, сотрудники полиции рекомендует жителям быть бдительными и не оставлять скот без присмотра. Укреплять свои хозподворья, таврировать и бирковать домашний скот.В случае кражи или пропажи скота незамедлительно обратиться в полицию по телефону 102. Это поможет раскрыть преступление по горячим следам и оперативно задержать подозреваемых лиц.



15	adyrna.kz	17.08.2021	Шифрланбаған темекі өніміне нарықта орын жоқ	https://adyrna.kz/post/81604	1457	55 366



Шифрланбаған темекі өніміне нарықта орын жоқ

2021 жылғы 1 сәуірден бастап темекі өнімдерінің басқа түрлерін міндетті таңбалау енгізілуде. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Үкіметінің «таңбалауға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы» 10.09.2020 жылғы №568 қаулысына сәйкес қабылданған.Өндірушілер мен ішкі сауда субъектілері үшін тауарларды таңбалау 2021 жылғы 1 қазанға дейін бөлшек саудада өткізу кезінде таңбаланған тауарларды айналымнан міндетті түрде шығара отырып енгізілді.Таңбалаудың мақсаты-таңбаланған тауарларды сатудан түсетін салық түсімдерін әкімшілендіру және ұлғайту.Тауарларды таңбалау-бұл жалған акцизделетін өнімдердің көлеңкелі айналымын қысқарту жолымен адал өндірушілер (импорттаушылар) мен сатушылардың кірісін арттыруға мүмкіндік беретін тауарлар қозғалысын қадағалау тетігі.Қазіргі уақытта таңбалаудың бірыңғай операторы «Қазақтелеком»АҚ болып табылады. 2021 жылғы 1 қазанға дейін таңбалау кодын көрсетпей темекі өнімдерін сату мүмкіндігі беріледі. 2021 жылғы 1 қазаннан бастап-барлық таңбаланбаған темекі өнімдерінің айналымы тоқтатылады.

«Таңбалау бұл өнім туралы арнайы шифрланған белгі, онда өндіруші туралы толық ақпарат, сериялық нөмір және бұзудан қорғау коды бар. Ол DataMatrix кодын пайдалануға негізделген. Бұл халықты жалған өнімдерден қорғауға мүмкіндік береді және темекі өнімдері айналымы нарығының ашықтығын қамтамасыз етеді»,-дейді Талдықорған қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының жанама салықтарды әкімшілендіру бөлімінің басшысы Елдос Тұлымшақов.



проверки правописания для этого языка.

Статистика

Статистика:

Страниц	1
Слов	164
Знаков (без пробелов)	1 295
Знаков (с пробелами)	1 457
Абзацев	2
Строк	19

Учитывать надписи и сноски

Закрыть

Шифрланбаған темекі өніміне нарықта орын жоқ

2021 жылғы 1 сәуірден бастап темекі өнімдерінің басқа түрлерін міндетті таңбалау енгізілуде. Аталған бұйрық Қазақстан Республикасы Үкіметінің «таңбалауға жататын тауарлар тізбесін айқындау туралы» 10.09.2020 жылғы №568 қаулысына сәйкес қабылданған.Өндірушілер мен ішкі сауда субъектілері үшін тауарларды таңбалау 2021 жылғы 1 қазанға дейін бөлшек саудада өткізу кезінде таңбаланған тауарларды айналымнан міндетті түрде шығара отырып енгізілді.Таңбалаудың мақсаты-таңбаланған тауарларды сатудан түсетін салық түсімдерін әкімшілендіру және ұлғайту.Тауарларды таңбалау-бұл жалған акцизделетін өнімдердің көлеңкелі айналымын қысқарту жолымен адал өндірушілер (импорттаушылар) мен сатушылардың кірісін арттыруға мүмкіндік беретін тауарлар қозғалысын қадағалау тетігі.Қазіргі уақытта таңбалаудың бірыңғай операторы «Қазақтелеком»АҚ болып табылады. 2021 жылғы 1 қазанға дейін таңбалау кодын көрсетпей темекі өнімдерін сату мүмкіндігі беріледі. 2021 жылғы 1 қазаннан бастап-барлық таңбаланбаған темекі өнімдерінің айналымы тоқтатылады.

«Таңбалау бұл өнім туралы арнайы шифрланған белгі, онда өндіруші туралы толық ақпарат, сериялық нөмір және бұзудан қорғау коды бар. Ол DataMatrix кодын пайдалануға негізделген. Бұл халықты жалған өнімдерден қорғауға мүмкіндік береді және темекі өнімдері айналымы нарығының ашықтығын қамтамасыз етеді»,-дейді Талдықорған қалалық мемлекеттік кірістер басқармасының жаңама салықтарды әкімшілендіру

16	adyrna.kz	17.08.2021	Незашифрованным табачным изделиям нет места на рынке	https://adyrna.kz/ru/post/81604	2257	85 766



ADYRNA НОВОСТИ ОБЩЕСТВО ПОЛИТИКА ЭКОНОМИКА ИСТОРИЯ ДУХОВНОЕ НАСЛЕДИЕ НАРОД СПОРТ ПРОИСШЕСТВИЕ РУССКИЙ

ГЛАВНАЯ / НЕЗАШИФРОВАННЫМ ТАБАЧНЫМ ИЗДЕЛИЯМ НЕТ МЕСТА НА РЫНКЕ

Незашифрованным табачным изделиям нет места на рынке

17.08.2021 0 571

ВЫБОР РЕДАКЦИИ

Исполняется 98 лет со дня рождения Общенационального лидера Гейдара Алиева

Н.Назарбаев: Главное наследие Гейдара Алиева - страна, устремленная в будущее

Создана Всемирная ассоциация тюркских предпринимателей

Незашифрованным табачным изделиям нет места на рынке

С 1 октября 2021 года – прекращается оборот всей немаркированной табачной продукцииСогласно постановлению Правителства РК «Об определении перечня товаров подлежащих маркировки» от 10.09.2020 года №568 в Республике Казахстан с 1 октября внедряется обязательная маркировка табачных изделий (сигареты с фильтром), с 1 апреля 2021 года других видов табачных изделий.Для производителей и субъектов внутренней торговли маркировка товаров введена с обязательным выводом из оборота

маркированных товаров при розничной реализации до 1 октября 2021 года.Цель маркировки – администрирование и увеличение налоговых поступлений от реализации маркированных товаров.Маркировка товаров – это механизм прослеживаемости движения товаров, который позволит увеличить выручку добросовестных производителей (импортеров) и продавцов путем сокращения теневого оборота поддельной подакцизной продукции.

Единым оператором маркировки в настоящее время является АО «Казахтелеком».До 1 октября 2021 года предоставляется возможность реализации табачной продукции без указания кода маркировки.С 1 октября 2021 года – прекращается оборот всей немаркированной табачной продукции.«В связи с вышесказанным, учитывая обязательство по выводу из оборота торговли маркированных товаров при розничной реализации, за исключением субъектов внутренней торговли, осуществляющих оптовую торговлю, розничным реализаторам налогоплательщикам необходимо: получить ЭЦП для регистрации в информационной системе маркировки и прослеживаемой товаров, обеспечить наличие торгового оборудования, способного считывать коды в формате DataMatrix 2-D сканеры подключаются к онлайн –ККМ, обновить програмное обеспечение ККМ с ФП»,– поделился уководитель отдела администрирования косвенных налогов управления госдуарственных доходов города Талдыкорган Елдос Тулымшаков.То есть, при розничной реализации сигарет, промаркированных DataMatrix- кодами выбитые из оборота, должно осуществляться с использованием 2Д сканера. В процессе работы при реализации продавец сканирует маркировочный код товара, которая одновременно передает информацию оператору фискальных данных (ОФД). В свою очередь ОФД транслирует информацию в систему маркировки и прослеживаемости товаров, где фиксируется факт продажи и вывод товара из оборота.



17	adyrna.kz	17.08.2021	Свыше 600 тысяч жетысусцев регулярно занимаются спортом	https://adyrna.kz/post/81601	1440	54 720



Свыше 600 тысяч жетысусцев регулярно занимаются спортом

В Алматинской области 667 428 человек на постоянной основе занимаются спортом. Это более 30% населения области

Об этом на информационной площадке Jetisy media сообщил заместитель руководителя управления физической культуры и спорта области Алмат Ушкемпиров.

В первую очередь он отметил, что благодаря поддержке Главы государства Касым-Жомарта Токаева престиж казахстанского спорта на международной арене растёт с каждым годом.

В Алматинской области с начала текущего года подготовлено 12 мастеров спорта международного класса, 99 мастеров спорта, 271 кандидат в мастера спорта и 119 спортсменов первой степени.

– В этом году спортсмены Жетысу завоевали 2085 медалей: 677 золотых, 600 серебряных, 778 бронзовых на международных и республиканских соревнованиях. Также у нас в регионе функционирует 3718 спортивных сооружений. На благо жителей по региону действуют 13 физкультурно-оздоровительных комплексов (в Узынагаше, Жарканте, Иссыке, Кегене, Ушарале, Талгаре, Каскелене и Шамалгане, Райымбеке, Карабулаке, Балпык би, Нарынколе и Баканасе). Также в настоящее время ведется строительство 4 ФОКов, – отметил спикер.

Кроме того, ко Дню столицы в Талдыкоргане открылся большой крытый бассейн олимпийского уровня, не имеющего аналогов в Средней Азии.

К слову, спортсмены из Алматинской области Раушан Койшибаева, Рахметжан Хамаев и Гулбану Абдыкаликова завоевали 3 лицензии на Паралимпийские игры, которые пройдут с 24 августа по 5 сентября в Токио.



Статистика

Статистика:

Страниц	1
Слов	194
Знаков (без пробелов)	1 251
Знаков (с пробелами)	1 440
Абзацев	7
Строк	22

Учитывать надписи и сноски

Закрыть

Свыше 600 тысяч жетысусцев регулярно занимаются спортом

В Алматинской области 667 428 человек на постоянной основе занимаются спортом. Это более 30% населения области

Об этом на информационной площадке Jetisy media сообщил заместитель руководителя управления физической культуры и спорта области Алмат Ушкемпиров.

В первую очередь он отметил, что благодаря поддержке Главы государства Касым-Жомарта Токаева престиж казахстанского спорта на международной арене растёт с каждым годом.

В Алматинской области с начала текущего года подготовлено 12 мастеров спорта международного класса, 99 мастеров спорта, 271 кандидат в мастера спорта и 119 спортсменов первой степени.

– В этом году спортсмены Жетысу завоевали 2085 медалей: 677 золотых, 600 серебряных, 778 бронзовых на международных и республиканских соревнованиях. Также у нас в регионе функционирует 3718 спортивных сооружений. На благо жителей по региону действуют 13 физкультурно-оздоровительных комплексов (в Узынагаше, Жарканте, Иссыке, Кегене, Ушарале, Талгаре, Каскелене и Шамалгане, Райымбеке, Карабулаке, Балпык би, Нарынколе и Баканасе). Также в настоящее время ведется строительство 4 ФОКов, – отметил спикер.

18	adyrna.kz	23.08.2021	Адалдық ардың ісі	https://adyrna.kz/post/82104	2697	102486



Адалдық ардың ісі

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы - адамдардың қоғамның демократиялық негізіне деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ.

Бүгінде жемқорлықпен күрес елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің биік көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырын жою қажет. Бұл - індет адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең

ұшынан жалғасын табатын, көз қысты-бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер участкесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни мемлекеттен жасырып қалу сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Мемлекетіміз кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Жемқорлыққа қарсы күрес» Заңын қабылдады. Бұл заң жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізі принциптерін анықтап, жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың және оған байланысты жауапкершіліктің артылуының түрлері анықталды. Осы орайда, Алакөл ауданында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске арналған бағдарламалардың іске асырылуына және жемқорлықты біржолата жою мақсатында «Жемқорлық індет – жою міндет» атты «Open Air» форматында көрме ұйымдастырылса, «Сыбайлас жемқорлық біз үшін емес!» акциясы, «Жемқорлықсыз жарқын болашақ» атты жас ақындар мүшәйрасы өткізілді. Жемқорлық деген не? Жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кеңінен қолданылады және терең тарихи тамыры бар. Жемқорлықтың қарапайым түсінігі - лауазымды тұлғалар, қоғамдық және саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің өз қызметтерінде сараңдық пен сатқындық танытуы.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден республикамыздың ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, заңның негізінде мемлекеттік міндеттер атқаруға уәкілетті адамдар мен оларға теңестірілген адамдар жауапты болатындығы көрсетілген. Мемлекет басшысының жолдауында: «Заңды бұзған екенсің, оның баптарына сәйкес жауапқа тартылсың»,-деп атап көрсеткен. Ендеше, жемқорлықты жоюды мақсат етсек талаптарды орындауымыз қажет.



19	adyrna.kz	24.08.2021	Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа заң жол бермейді	https://adyrna.kz/post/82180	8431	320378



Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа заң жол бермейді

Әлемді нәзік жүрегімен тербететін әйелдердің сол нәзіктігінен зардап шегіп жататыны жақсылыққа жасалған жамандық, гүл өсірген бағбанның гүлзарына соққан бұршақты қара дауыл секілді көрінеді. Әйел аналардың «Ардақты» деген атауын тек сөз күйінде қалдырып келе жатқаны жаныңа батады. Анасына, апа-қарындасына, қызына шаң жуытпайтын ер адамдар кейде шолақ ойлап, әйел теңдігі десе теріс қарайтыны бар. Оның дәлелін әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың азаймай отырғанынан білуге болады. Өткен жылдың күз айында осындай нәзік жандылардың бірін зорламақ болған оқиға біздің аудан орталығында да орын алған еді. Такси тоқтатып жұмысынан үйіне жетпек болған сол күнгі хиджабтағы қыз мұндай жағдайға тап болармын деп мүлдем ойламасы анық. Десе де бұл оқиғаны жасырып қалмай зәбір көруші қыз дер кезінде полицияға шағымданған. Еліміздегі заңның нақтылығы мен әділ соттың төрелігінің арқасында биыл тамыз айының басында сол қылмыстық оқиғаға байланысты соттың шешімі шығып, айыпталушы азамат 9 жылға қамауға алынды. Міне, осы Қазақстан Республикасында ерлер мен әйелдердің құқықтары тең жағдайда қорғалатының тағы бір дәлелі деп айтуға болар. Деген көптеген нәзік жандылар өздерінің құқықтарын дұрыс білмеуі немесе жасырып қалу салдарынан тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың құрбандарына айналып жатады. Иә расымен ел өміріндегі өзекті мәселелердің біріне қатысты құқық қорғау органдарында оған қарсы күрес жүргізетін арнайы бөлімдер жұмыс істейді. Қалыпты өмір ырғағын бұзатын жағымсыз әрекеттерге заңмен тосқауыл қойылатынын әркімнің білуі маңызды. Осыған орай біз аудандық полиция басқармасының әйел құқығын қорғау бөлімінің басшысы, полиция майоры Эльмира Есенбаевамен сұхбаттасқан едік.

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық заңсыз әрекет. Біздің елдің заңымызда ол жөнінде арнайы баптар да қарастырылған. Оқырманға түсінікті болуы үшін осы заңға кеңірек тоқталып өтсеңіз?

– Дұрыс айтасыз, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылыққа тап болған адамдар арнайы заңмен қорғалады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 17-бабына сәйкес адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды. Әр адам өзінің ар-намысы мен абырой атағын қорғауға құқығы бар. Біздің сот күрделі міндеті мен үлкен мақсаты бар жауапты сала. Еліміздегі өркениетке ұмтылған көш басындағы басқа салалармен қатар сот жүйесінің де алдына қойылған мақсаттары ұшан-теңіз. Айталық, оның БҰҰ-ның аясында атқаратын міндетті жүктемелері сан алуан. Солардың бірі де бірегейі әлемдегі тұрмыстық зорлық-зомбылық көріп жүрген әйелдер мәселесі. Бұл күллі ғаламшардағы ең өзекті тақырыпқа айналып отыр. Осыған орай біздің еліміз де құзыретті ұйым талабына сәйкес гендерлік теңдікті нығайтып, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу қағидаттарына сай ауқымды шараларды жіті бақылауға алады. Біздің аймақта да аудандық полиция басқармасының басшысы Болат Тотыбаевтың бастамасымен және қадағалуымен әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобы өз ісін ұйымдастыруда қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік мекемелермен өзара үйлесімді жұмыс жасайды. Сондай-ақ, аудандағы білім беру, денсаулық сақтау, «Nur Otan» партиясы, прокуратура қызметкерлері, БАҚ өкілдері және ««Жастар» ресурстық орталығымен тығыз байланыста. 2020 жылғы статистикаға сәйкес Қарасай ауданының халқы 270 673 адамды құраса, оның ішінде– 137 897 әйелдер, яғни, аудан тұрғындарының 50,94%-ы. Сол нәзік жандарды зорлық-зомбылықтан қорғау тобында бір аға инспектор қызмет етеді.

– Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың негізгі себебін ажыратып айта аласыз ба?

– Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың басты себебі маскүнемдік пен жұмыссыздық салдары болып табылады. Осындай жағдайларда жиі туындайтын бір мәселе бар. Ол тұрмыста зорлық көрген әйелдер өзіне қол жұмсаған адаммен бір шаңырақтың астында тұрғылары келмейтіндігі. Әйелдердің дені қорқыныштан, болмаса баспанасыз қалмауы үшін көбіне көрсетілген зорлыққа амалсыз шыдауға бел байлайды. Зорлықтан зардап шегушілердің көбісі түрлі себептерге байланысты полицияға хабарласуға асықпайды. Бірі отбасы жағдайының төмендігін ойласа, енді бірі бұл қадамы онсыз да берекесі кеткен шаңырағын одан әрі шайқалтып кетер деп қауіптенеді. Зорлық-зомбылық, егер ол: жұбайлар; бұрынғы жұбайлар; бірге тұратын немесе тұрған адамдар; жақын туыстар; ортақ баласы (балалары) бар адамдар арасында отбасылық- тұрмыстық қатынастар аясында жасалса, «тұрмыстық» ретінде сараланады.

– Жәбірленушілерге қандай көмек көрсетіледі? Біздің ауданда зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталықтары бар ма?

– Отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы істер бойынша 90 пайызында зардап шегуші әйел адамдар. Полиция басқармасында отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы мәселелер бойынша «жедел желі» жұмыс жасайды. Көмекке жүгінген азаматшаларды қажет болған жағдайда дағдарыс орталықтарына орналастыру мүмкіндігі де бар. Жыл басына бері аудан бойынша отбасылық-тұрмыстық қатынастар саласындағы мәселелер бойынша сенім телефонындағы «жедел желіге» 87 әйел хабарласқан. Біздің ауданда қазір дағдарыс орталықтары жоқ. Сондықтан көмекке жүгінген 41 тұлға (11 әйел, 30 бала) Алматы және Талдықорған қалаларындағы «Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығына» орналастырылып, отбасылық зорлық-зомбылықтың 39 құрбанына психологиялық көмек берілді. Оның бір дәлелі, аудандық полиция басқармасындағы әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының «сенім телефонына» 1987 жылғы Г. есімді азаматша өзінің заңды некедегі жолдасымен араларындағы отбасылық жанжалға байланысты арызданды. Құқық бұзушы азаматқа ҚР ӘҚБтК 73-бабы бойынша әкімшілік хаттама толтырылып, жәбірленуші үш баласымен Алматы қаласындағы дағдарыс орталықтарының біріне жеткізілді.Сонымен қатар, учаскелік полиция және әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының аға инспекторымен 368 отбасы-тұрмыстық сипаттағы әкімшілік құқық бұзушыға Қазақстан Республикасы ӘҚБтК-нің 73-бабы бойынша қорғау нұсқамалары шығарылып, 37

тұлғаның мінез-құлқына сот арқылы айрықша талап қойылды. Жалпы айтқанда, Қарасай ауданы бойынша өткен жылмен салыстырғанда әйелдерге қатысты меншікке қарсы жасалған қылмыстардың саны 486-дан 468-ге төмендеді.

– Кез келген қылмыстың алдын алу үшін нақты бір іс-шаралар ұйымдастырылатыны белгілі. Оның сіздердің ұйымдастыруларыңызбен қандай істер атқарылуда?

– Қарасай ауданы әкімінің орынбасары Дүйсенова Гүлжан Әділханқызының төрағалығымен «Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның» құрамы қайта жасақталып, бекітілді. Оның аясында, әйелдер мен балаларды қорғау мәселелерімен айналысатын «Зорлық-зомбылыққа «жоқ!»-де» үкіметтік емес ұйымының психологы Т. Матвеевамен бірлесіп зорлық-зомбылық құрбандарын қабылдап, психологиялық кеңестер беріп, қолдау мен көмек көрсетілуіне ықпал жасалуда. Жұмыс жоспарына сәйкес, аудан көлемінде республикалық, облыстық деңгейдегі «Профилактика», «Құқықтық тәртіп», «Тұрмыс» атты алдын алу шаралары мен «Сіздің құқығыңыз қорғалады!», «Әйел – отбасы шырағы», «Отбасындағы зорлық-зомбылыққа жол жоқ!», «Бақытты отбасы», «Біз зорлық-зомбылыққа қарсымыз!», «Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықсыз 16 күн» акциялары өтеді. Іс-шараларды ұйымдастырудың мақсаты – аудан тұрғындары арасында әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық салдарларын ескерту, олардың алдын алу, ана мен баланы қорғау, қоғамдағы отбасының рөлін күшейту. Тағы бір ерекше айтып өтер жайт, Қарасай аудандық полиция басқармасымен «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудағы» жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы «Алматы» телеканалы арқылы арнайы репортаж дайындалып, тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы бойынша әлеуметтік эксперимент жүргізілді.

– Зорлық зомбылыққа тап болған нәзік жандарға қандай кеңес бересіз?

– Өзге жандардың жеке өміріне араласып, ақыл айту біздің құзыретімізге жатпайды. Адамның әрбір әрекетіне толық жауап беретін мемлекеттік заң бар. Егер Сіз тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырасаңыз бұл туралы ішкі істер органдарына жүгінуіңізге әбден болады. Заңдық тұрғыда зорлықтың шарттары мен себептерін ескере отырып олардың алдын алу шаралары бар. Отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастардағы кез-келген көлеңкелі сұрақтарыңыз бойынша Қарасай ауданы полиция басқармасының «102» телефонына немесе Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау тобының 8(727 71)23206 сенім телефонына хабарласуға, ӘЗЗҚТ аға инспекторының 87477745453 /WhatsApp/ нөміріне жазуға болатындығын естеріңізге саламыз.Қай уақытта да тәуелсіз мемлекетімізді мекен етуші кез-келген нәзік жандылар, жасөспірімдер мен балалар ешқандай қорлыққа, қиянатқа душар болуы тиіс емес. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!



Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа заң жол бермейді

Әлемді нәзік жүрегімен тербететін әйелдердің сол нәзіктігінен зардап шегіп жататыны жақсылыққа жасалған жамандық, гүл өсірген бағбанның гүлзарына соққан бұршақты қара дауыл секілді көрінеді. Әйел аналардың «Ардақты» деген атауын тек сөз күйінде қалдырып келе жатқаны жаныңа батады. Анасына, апа-қарындасына, қызына шаң жуытпайтын ер адамдар кейде шолақ ойлап, әйел теңдігі десе теріс қарайтыны бар. Оның дәлелін әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың азаймай отырғанынан білуге болады. Өткен жылдың күз айында осындай нәзік жандылардың бірін зорламақ болған оқиға біздің аудан орталығында да орын алған еді. Такси тоқтатып жұмысынан үйіне жетпек болған сол күнгі хиджабтағы қыз мұндай жағдайға тап болармын деп мүлдем ойламасы анық. Десе де бұл оқиғаны жасырып қалмай зәбір көруші қыз дер кезінде полицияға шағымданған. Еліміздегі заңның нақтылығы мен әділ соттың төрелігінің арқасында биыл тамыз айының басында сол қылмыстық оқиғаға байланысты соттың шешімі шығып, айыпталушы азамат 9 жылға қамауға алынды. Міне, осы Қазақстан Республикасында ерлер мен әйелдердің құқықтары тең жағдайда қорғалатының тағы бір дәлелі деп айтуға болар. Деген көптеген нәзік жандылар өздерінің құқықтарын дұрыс білмеуі немесе жасырып қалу салдарынан тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың құрбандарына айналып жатады. Иә расымен ел өміріндегі өзекті мәселелердің біріне қатысты

20	adyrna.kz	24.08.2021	Сыбайлас жемқорлық – барша қоғамның жауы	https://adyrna.kz/post/82183	3570	135660



Сыбайлас жемқорлық – барша қоғамның жауы

Қазақстан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын тәуелсіздік алған сәттен бастады және қазіргі уақытта бүкіл әлемдік қоғамдастықтың белсенді мүшелерінің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014 жылы 2015-2025 жылдарға бекіткен сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегия бүгінгі күні маңызды құжат болып табылады. Аталған құжаттың негізгі мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тең құқылығын арттыру, сыбайлас жемқорлықтың кез келген жағдайларына төзбеушілік атмосферасын құру, сол арқылы қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа тарту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды және басым бағыттарының бірі болып табылатыны баршаға мәлім. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚР Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асыратын органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті делінген. Кез келген мемлекет құқықтық жүйенің негізгі принциптеріне сәйкес адалдық пен сатылмаушылықты, жауапкершілік пен ашықтықты көрсететін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді және үйлесімді саясатын әзірлеуге ұмтылады.Қазақстан әлемнің көптеген басқа елдері сияқты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны жою бойынша мақсатты жұмыс жүргізуде. Біздің мемлекетіміз - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қабылдаған және халықаралық конвенцияларға қосылған ТМД-ның алғашқы мемлекеттерінің бірі.Елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейі экономикалық дамуға кедергі келтіреді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді, елдің беделін түсіреді және Қазақстанмен ынтымақтастыққа халықаралық қызығушылықты төмендетеді. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық экономика құру, инвестициялар тарту процестерін баяулатады және демократиялық мемлекеттің саяси және әлеуметтік институттарына теріс әсер етеді, бұл елдің болашағына елеулі қатер төндіреді.Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық тек саясатта

ғана емес, экономика мен басқару элитасында да кең таралған. Бұл жағдайлар мынадай міндеттерді туғызады: біріншіден, сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін жағдайлармен күрес жолымен сыбайлас жемқорлықтың дамуын төмендету және кедергі келтіру; екіншіден, осы проблемаларды шешуде құқық қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасау. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа және құқық бұзушылыққа бейімділігінің себептері әртүрлі. Бұған, ең алдымен, қызметшілердің білім деңгейінің төмендігі және этикалық ұстанымның болмауы жатады. Парақорлықтың кеңеюіне кейбір мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылығы, кәсіби этика мен адами қасиеттердің әлсіз болуы да ықпал етеді. Ең өкініштісі және қауіптісі сыбайлас жемқорлықтың тереңдеу мүмкіндігі, өйткені мемлекеттік органдардың кейбір басшылары жемқорлықты тамырымен жоюға барынша ынта танытпайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын орындау бойынша жұмыс жүргізбейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы пәрменді күрес жүргізу үшін құқықтық түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру, халықтың құқықтық сауатсыздығын жою қажет. Халық өз құқықтарын, оларға қарсы қандай да бір заңсыз іс-әрекеттер жасаған жағдайда қандай іс-әрекеттер жасау керектігін толық білуі тиіс. Бүгінгі күннің басты мақсаты конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясатты жүргізу, мемлекет пен азаматтардың тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін және оның көріністерін азайту, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту болып табылады.



21	adyrna.kz	24.08.2021	Мектепте ақша жинау фактісі бойынша қайда хабарласу қажет	https://adyrna.kz/post/82186	1158	44 004



Мектепте ақша жинау фактісі бойынша қайда хабарласу қажет

Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша департаменті білім беру мекемелерінде ақша жинау фактісі болған жағдайда 1424 Call-орталығына хабарласуды сұрайды.

Жаңа оқу жылының жақындап қалуына байланысты мектептер мен балабақшаларда ата-аналардан немесе қызметкерлерден ақшалай қаражат жинау мәселесі өзекті болып отыр. Сондықтан барлық азаматтардың бұл мәліметтен хабардар болуы өте маңызды.Білім беру мекемелерінде ақшалай қаражат жинау заңмен тыйым салынғанын еске сала кетейік. Сол себепті, ата-аналардан немесе қызметкерлерден ақша жинау, сондай-ақ басқа да жемқорлық фактілері орын алса, 1424 Call-орталығының телефонына хабарласу керек. Азаматтардың барлық өтініштері міндетті түрде қаралып, қажетті шаралар қолданылады.Сондай-ақ, шағымданушының білім беру мекемелеріндегі жемқорлық фактісі бойынша әлеуметтік желі арқылы Департаменттің жеке аккаунттарына (@anticorruption.almatyoblysy) тікелей жүгіне алатынын атап өтеміз. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Алматы облысы бойынша департаменті



1	Ult.kz	2 тамыз	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ӨСІМДІКТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ӘКЕТПЕК БОЛҒАНДАР ҰСТАЛДЫ	https://ult.kz/post/almaty-oblysynda-kyzyl-kitapka-engen-osimdikterdi-zansyz-aketpek-bolgandar-ustaldy	**1258**	**47804**



1) АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ӨСІМДІКТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ӘКЕТПЕК БОЛҒАНДАР ҰСТАЛДЫ

Шекарашылар қызыл кітапқа енген өсімдіктерді заңсыз әкетудің жолын кесті, деп хабарлайды «Ұлт ақпарат» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

2021 жылғы 30 шілдеде ҰҚК Алматы облысы бойынша Шекара қызметі Департаментінің әскери қызметшілері «Іле Алатау» мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің қызметкерлерімен бірлесіп, Қызылтамыр емдік өсімдігін заңсыз жинаған Еңбекшіқазақ ауданы Ақтоған елді мекенінің 1980 жылы туған «Ж» азаматын ұстады.

«Ұсталған адамнан жалпы салмағы шамамен 150 кг болатын қызыл кітаптық өсімдік салынған төрт қап табылды. Ұсталған адам мен заттай дәйектер одан әрі тексеру мен процесстік шешімдерді қабылдау үшін уәкілетті органдарға берілді» делінген ресми хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін 8 шілдеде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Саты» шекара бөлімшесінің аумағында қызмет атқару кезінде шекарашылар жалпы салмағы 300 және 150 кг болатын «Қызылтамыр» (Макротомия бояушы) қызыл кітаптық өсімдігін заңсыз жинаудың екі оқиғасының алдын алған болатын. Осылайша, шекарашылардың қырағылығының арқасында шекаралық аймақтың экологиясына залал келтіретін заңсыз іс-әрекеттің тағы бір рет жолы кесілді.



1) АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА ҚЫЗЫЛ КІТАПҚА ЕНГЕН ӨСІМДІКТЕРДІ ЗАҢСЫЗ ӘКЕТПЕК БОЛҒАНДАР ҰСТАЛДЫ

Шекарашылар қызыл кітапқа енген өсімдіктерді заңсыз әкетудің жолын кесті, деп хабарлайды «Ұлт ақпарат» Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

2021 жылғы 30 шілдеде ҰҚК Алматы облысы бойынша Шекара қызметі Департаментінің әскери қызметшілері «Іле Алатау» мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің қызметкерлерімен бірлесіп, Қызылтамыр емдік өсімдігін заңсыз жинаған Енбекшіқазақ ауданы Ақтоған елді мекенінің 1980 жылы туған «Ж» азаматын ұстады.

«Ұсталған адамнан жалпы салмағы шамамен 150 кг болатын қызыл кітаптық өсімдік салынған төрт қап табылды. Ұсталған адам мен заттай дәйектер одан әрі тексеру мен процессестік шешімдерді қабылдау үшін уәкілетті органдарға берілді» делінген ресми хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, бұған дейін 8 шілдеде ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Саты» шекара бөлімшесінің аумағында қызмет атқару кезінде шекарашылар жалпы салмағы 300 және 150 кг болатын «Қызылтамыр» (Макротомия боғуша) қызыл кітаптық өсімдігін заңсыз жинаудың екі оқиғасының алдын алған болатын. Осылайша, шекарашылардың қырағылығының арқасында шекаралық аймақтың экологиясына залал келтіретін заңсыз іс-әрекеттің тағы бір рет жолы кесілді.

2	Ult.kz	2 тамыз	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦЕЙЛЕРІ ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРДІ	https://ult.kz/post/almaty-oblysynyn-politseyleri-akimshilik-ayyppul-toleu-tartibin-tusindirdi	**1814**	**68932**

ult.kz/post/almaty-oblysynyn-politseyleri-akimshilik-ayyppul-toleu-tartibin-tusindirdi

ÜLT

АЙМАҒАМБЕТОВ ТҮЛЕКТЕРДІҢ ҮБТ-ДАҒЫ ЗАҢСЫЗ ӘРЕКЕТІНЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІР БІЛДІРДІ

АЛДАҒЫ КҮНДЕРІ АУА РАЙЫ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Қаз Тере Lat

ҚОҒАМ ӘДЕБИЕТ СПОРТ U MAGAZINE ТӘУЕЛСІЗДІК - 30 ӘЗГЕ ПАЙЫМ Іздеу

03 там, 2021 сағат 10:28

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ПОЛИЦЕЙЛЕРІ ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІН ТҮСІНДІРДІ

Алматы облысы полиция департаментінің тәртіп сақшылары әкімшілік құқық бұзушылық айыппұлдарын төлеу тәртібін түсіндірді, деп хабарлайды «Ұлт ақпарат» Алматы облысы полиция департаментінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Әкімшілік жаза айыппұл түрінде қолданылған жағдайда, сіз жеті тәулік ішінде айыппұл сомасының 50% ғана төлеуге құқығыңыз бар. Жеті тәулік өткеннен кейін айыппұл жаза қолданылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей ерікті түрде толық мөлшерде төленуге жатады. Айыппұл екінші деңгейлі банктердің кассаларында, сондай-ақ электронды төлем терминалдары арқылы, смартфонға бекітілген түрлі қосымшалар арқылы төленеді», – дейді Алматы облысы полиция департаментінің әкімшілік практика бөлімі басшысы, полиция майоры Саят Ибраимов.

SQUARESPACE
